

## 2014 жылға мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшерін бекіту туралы

Мерзімі біткен

Қызылорда облысы Қазалы ауданы әкімдігінің 2014 жылғы 30 мамырдағы № 207 қаулысы. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 08 шілдеде № 4718 болып тіркелді. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты тоқтатылды

"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік басқару органдарына арасындағы өкілеттіктердің аражігін ажырату мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2013 жылғы 13 маусымдағы, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңдарына, Қазақстан Республикасының "Білім туралы" 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңының 6 бабының 4 тармағының 8-1) тармақшасына сәйкес Қазалы ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Бекітілсін:

1) осы қаулының 1-қосымшасына сәйкес 2014 жылға мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы;

2) осы қаулының 2-қосымшасына сәйкес 2014 жылға жан басына шаққандағы қаржыландыру мөлшері;

3) осы қаулының 3-қосымшасына сәйкес 2014 жылға ата-ананың ақы төлеу мөлшері

2. Қаулының орындалуын бақылау Қазалы ауданы әкімінің орынбасары Ғ.Бәймішевке жүктелсін.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімінің  
міндетін атқарушы

С. Мақашов

Қазалы ауданы әкімдігінің  
2014 жылғы 30 мамырдағы  
№ 207 қаулысына 1 қосымша

## 2014 жылға мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы

| № | Аудан атауы   | Мемлекеттік білім беру тапсырысы есебінен мектепке дейінгі ұйымдарға орналастырылатын балалар саны |
|---|---------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------|
| 1 | Қазалы ауданы | 1228                                                                                               |

Қазалы ауданы әкімдігінің

## Жан басына шаққандағы қаржыландыру мөлшері

| № | Аудан атауы   | Бір тәрбиеленушіге бір айда жұмсалатын шығын (теңге) |                          |
|---|---------------|------------------------------------------------------|--------------------------|
|   |               | Балабақшалар                                         | Шағын орталықтар         |
| 1 | Қазалы ауданы | 25 945 теңгеден кем емес                             | 11 230 теңгеден кем емес |

Қазалы ауданы әкімдігінің  
2014 жылғы 30 мамырдағы  
№ 207 қаулысына 3 қосымша

## 2014 жылға ата-ананың ақы төлеу мөлшері

| № | Мемлекеттік мектепке дейінгі ұйымдардағы ата-ана төлем ақысының бір айдағы мөлшері | Мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша қызмет алатын жекеменшік мектепке дейінгі ұйымдардағы ата-ана төлем ақысының бір айдағы мөлшері |
|---|------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| 1 | Алты еселенген айлық есептік көрсеткіштен артық емес                               | Он еселенген айлық есептік көрсеткіштен артық емес                                                                                       |